

БҰҰ Ауғанстан  
үшін әлемге  
қол жайды

6-бет

Мал  
экспорты  
тиімсіз

7-бет


Тілім  
тілінбесін,  
елім бүлінбесін!


8-бет


# EGEMEN QAZAQSTAN


№173 (30152) 14 ҚЫРКҮЙЕК, СЕЙСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

*Жүз жылдық жылнама*

 [www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)

 E-mail: [info@egemen.kz](mailto:info@egemen.kz)

 [FACEBOOK.COM/EGEMENKZ](https://www.facebook.com/EGEMENKZ)

 [TWITTER.COM/EGEMENKZ](https://www.twitter.com/EGEMENKZ)



■ БӘРЕКЕЛДІ!

## Күләш Байсейітованың есімі берілді

«Астана Опера» Камералық залы Күләш Байсейітованың есімімен аталды. Осыған орай 13 қыркүйекте «Қазақтың бұлбұлы» концерті өтті.

**М**аржан ӘБІШ,  
«Egemen Qazaqstan»

Бүгінгі таңда «Астана Опера» Камералық залы – көптеген музыканттар өнер көрсетуге ұмтылатын еліміздің беделді концерттік алаңына айналды. Зал классикалық мұраны сақтап, жаңарып отыратын қазақстандық қоғамның рухани сұраныстарын іске асыратын қазақ және әлемдік музыка мәдениеті дәстүрлерін көрсетеді. Аталған сахнада Қазақстанның ғана емес, дүние жүзінің әйгілі әртістері өз өнерлерін паш етіп жүр.

«Камералық залдың Күләш Байсейітова залы боп аталуы біз үшін зор құрмет. Ол КСРО халық әртісі жоғары атағының алғашқы иегерлерінің және сол атакты жас кезінде алған тұлғалардың бірі. Оның табиғи музыкалық дарыны мен әлемдік музыканың асыл қазынасына қалдырған бейнелер шоғыры біздің жадымызда. Ол сомдаған Шұғаның бейнесі әншінің шеберлік тұрғыдан өскенін көрсетті, ал Е.Г.Брусиловскийдің «Қыз-Жібек» операсындағы Жібектің партиясы әншіге классикалық опера өнерінің шыңына

көтерілуге жол ашты», деді театр директоры Ғалым Ахмедияров.

Осы маңызды оқиға қарсаңында әйгілі әншінің қызы – Қарлығаш Байсейітова әйгілі әншінің балалық шағы туралы жылы естеліктерімен бөлісті, мейірімді және қамқор анасының арқасында қандай бақытты болғаны туралы әңгімеледі. Ол елорданың мәдени өмірі үшін «Астана Опера» Камералық залының аты аңызға айналған тұлға – Күләш Байсейітованың есімімен аталуы үлкен қуаныш екенін атап өтті. Қызы анасының алғыс хаттарының бірнеше көшірмесін, сондай-ақ әншінің жеке мұрағатынан алынған фотосуретті театрдың арт-галереясына тапсырды. Айтулы оқиғаға орай театр фойесінде көрме өтті.

Камералық залда өскелең ұрпаққа арналған түрлі бағдарламалар, соның ішінде жақында Мәдениет және спорт министрлігі мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігімен бірлесіп құрылған «Театр сабағы» жобасы жүзеге асырылуда. 2019 жылдан бері Камералық залда «Piccolo театры» немесе «Шағын театр» жобасы таныстырылды, онда опера-буффаның екі тұсау-кесері сәтті өтті.